

«Қараөзек ауылының ЖОББМ»

**Тәлімгердің 2023-2024 оқу жылында атқарған
жұмыстарының қорытынды есебі**

2023-2024 оқу жылы

Аға тәлімгердің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының есебі

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиеледі.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиеледі.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиеледі.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастырды.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулыды.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулыды.

Күтілген нәтижелері:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалады, отбасы татулығы мен берекесін қадірледі.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санады және ұлттық мәдениетті құрметтеді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтады.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарады, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалады.
4. Жан мен тән тазалығын сақтады, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді,

эмоционалды жай-күйін басқарды.

5.Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таныды және адал еңбекті жоғары бағалады.

Тәлімгер өз жұмысында ҚР конституциясын. ҚР «Білім туралы» Заңын, жалпы білім беретін ұйымдар туралы типтік ережелерді, ҚР Президентінің қаулыларын, ҚР үкіметінің шешімдерін, оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша барлық білім басқарма органдарының шешімдерін, әкімшілік, еңбек және шаруашылық Заңнамаларын, еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі мен өртке қарсы сақтық ережелер мен нормаларын, сонымен қатар жарғымен және жергілікті заңға сүйенген актілермен (соның ішіндегі қазіргі лауазымдық нұсқау), еңбек келісім-шартты, мектеп директорының бұйрықтарын басшылыққа алды. Мектеп тәлімгері бала құқығы туралы Конвенцияны сақтады. Балалардың қоғамдық ұйымдарының, бірлестігінің қызметіне жағдай жасады, оқушылардың еріктілік қағидаларының қызметіне, өзіндік, адамгершілік және өз еркі есебіндегі демократизмді бағдарламалауға көмек көрсетті. Балалардың ұйымдары, бірлестігінің формалары мен мазмұнын жаңартуға көмектеседі, өмір талабы мен оқушылардың жас ерекшелігіне сай олардың ұжымдық- шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастырды. Жұмыс істейтін балалар мен жастар ұйымдары және бірлестіктері туралы оқушыларға хабарлау шарттарымен қамтамасыз етті.

Такырыпка сәйкес өткен жұмыстың көрнекілік рәсімдеуін ұйымдастырды. Мектепте қолайлы жағдай жасады, оқушыларға азаматтық және адамгершілік позицияны көрсетті, мүдделері мен қажеттіліктерін іске асырды, оқушылардың бос уақытын қызықты және пайдалы өткізді. Сенілген оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігінің қамын ойлады, өртке қарсы сақтық, техника қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтады. Оқушылардың бостандықтары мен заңды құқықтарын сақтайды. Мектептің Жарғысын және ішкі тәртіп ережелерін, басқа жергілікті заң актілерін сақтады. Осындай ауқымды істердің басы-қасында жүретін аға тәлімгер үнемі ізденіс үстінде болды.

Қазақстан халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік әлеуетті қалыптастыру; балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналылығын арттыру; танымдық жұмыстарды ынталандыру; балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін қолайлы жағдай жасау; жауапкершілік мен еңбек

сүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мақсатында аға тәлімгер мектеп ұжымымен бірлесе жұмыс атқарды. Мектеп тәлімгері 2023-2024 оқу жылында «Жас Ұлан» ұйымының жылдық жоспарын, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен бірлескен жоспарын, мектеп комитетімен бірлескен жоспарын, сынып жетекшілермен бірлескен жоспарын әдістемелік нұсқаулықты негізге ала отырып, жасап шықты. Жылдық жоспардың негізінде айлық, апталық жоспарлар жүргізілді.

«Жас Ұлан» ұйымына қабылдау Рухани-танымдық тәрбие айлығы
«Жыл сынып жетекші -2024» байқауы Ж.Жабаев, І.Жансүгіров,
М.Мақатаев, С.Иманасов оқулары

15 ақпан- Ауғанстаннан жауынгерлерді шығару күні Көп мәдениетті және көркем эстетикалық айлығы

1 наурыз Алғыс айту күні

8 наурыз халықаралық аналар мерекесі Ұлттық тәрбие айлығы

22 наурыз-Наурыз мейрамы Мағжан Жұмабаев оқулары

Көктемгі каникул

Абай, Шәкәрім оқулары

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие айлығы

Полиция жас көмекшілері -2024

1 мамыр халықаралық бірлік мерекесі «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні Отбасы айлығы «Отбасы күні

Денсаулық фестивалі Соңғы қонырау салтанатты мерекесі.

31 мамыр -Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1-маусым халықаралық балаларды қорғау күні

